



# ЖАҢАӨЗЕН

№21 /2197

24 МАМЫР 2024 ЖЫЛ

1990 жылдың 1 қаңтарынан шыға бастады

Газет аптаның жұма күні шығады

## ПРЕЗИДЕНТ Маңғыстау облысы әкімін ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Маңғыстау облысының жаңа әкімі Нұрдәулет Қилыбайды қабылдады.



Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтың жаңа басшысына маңызды міндеттер жүктелді.

Президент Нұрдәулет Қилыбайға өңір экономикасын әртараптандыруды, соның ішінде жаңа өндіріс орындарын ашу және дамудың тың бағыттарын қолға алу керек екеніне назар аударуды, туризм, құрылыс, көлік-логистика салаларын өркендетуге айрықша мән беруді тапсырды.

Мемлекет басшысы коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту үшін кешенді шаралар қабылдау маңызды екенін атап өтті. Облыс әкіміне Ақтау қаласы мен оның төңірегіндегі елді мекендерді жылумен, ауызсумен қамтамасыз етіп отырған МАЭК және «Каспий жылу, су арнасы» кәсіпорындарының балансындағы инфрақұрылымды жөндеу, жаңғырту жұмыстарын жеделдету тапсырылды. Сондай-ақ өңірдегі су тапшылығын жою үшін «Каспий» су тұщыту зауытының қуатын арттырып, жеке инвестициялар есебінен қосымша сумен қамтамасыз ету нысандарын іске қосуды міндеттеді.

Айта кетер болсақ, 17 мамырда Президент Жарлығымен Нұрдәулет Игілікұлы Қилыбай Маңғыстау облысының әкімі лауазымына тағайындалған болатын.

Нұрдәулет Қилыбай 1978 жылы Маңғыстау облысы Бейнеу ауданында дүниеге келген. Білімі жоғары. «Тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі инженер», «Қаржы және қаржы құқығы» маманы. 2018 жылы АҚШ-тың Бостон қаласында Stafford House халықаралық мектебінде білім алған.

Ол әртүрлі жылдары Көлік және коммуникациялар министрлігі Көлік және қатынас жолдары комитетінің бөлім бастығы, басқарма бастығы, төрағаның орынбасары қызметін атқарған. «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ президентінің кеңесшісі, кейін осы акционерлік қоғамның Маңғыстау жолдары бөлімшесі филиалының директоры болды.

Сонымен қатар, Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары, Ақтау қаласының әкімі қызметтерін атқарған. Ал 2023 жылдан бастап «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры болып қызмет атқарды.

АУЫЛ ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ

## ОҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ КӨП АУЫЛ

Өткен аптада Жаңаөзен қаласына қарасты ауыл әкімдердің есеп беруі басталды. Әкімдердің ел алдында есеп беруі атқарылған жұмыстарды тиісті деңгейде бағалап, орындалмағандарын жедел түрде шешу үшін күш жұмылдыруға және де алдағы міндеттерді айқындап, нақтылауға мүмкіндік туғызбақ. Сондай-ақ, бұл әкімдердің іскерлігі сыналатын кезең. Қызылсай, Теңге ауыл әкімдері есебінен соң кезек Рахат және Кендірлі ауылына келді. Қос ауыл әкімінің есеп беру кездесуі «Кендірлі» мәдениет үйінде өтті.



Соны 2-бетте. &gt;

## Мәдениет МАМЕКЕГЕ ОРАЙ Майталмандары АРАПАТТАЛДЫ



Мәдениет пен өнер - қоғамның айнасы, елдің рухани мұрасы, асыл қазынасы. Өйткені өркениетке қол созған еліміз үшін экономикалық өсіммен қатар елдің рухани бай құндылықтарын да дамыту мәселесі қолға алынғаны жасырын емес. Заманауи мәдениет ошақтары салынып, ел игілігіне беріліп, түрлі бағдарлама негізінде елдің мәдени білімін тереңдету, ең бастысы, ел дамуы үшін мәдениеттің де озық деңгейі дамуда.

### Гүлсім ОСПАН

Мұнайлы қалада мәдениет пен өнерді дамыту бағытында атқарылып жатқан игі істер - ұлттық дәстүрді дамыту, өнер мен мәдениеттің өмірмен өзектестігін бағамдау, өнерді өнеге тұтқан елдің рухани дүниесін байыту мақсаттарын көздейді. Бүгінде қала бойынша 1 қалалық, 4 ауылдық мәдениет үйі бар. Олар тұрғындарға мәдени қызмет көрсетеді.

Өнер мен мәдениет - егіз ұғым. Осы орайда «Мұнайшы» мәдениет үйінде мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні тойланды. Мәдениет саласының мамандарын қала әкімінің орынбасары Жаңабай Аймағанбетов арнайы құттықтап, Алғыс хаттарын табысты.

- Құрметті мәдениет саласының қыз-

Мереке күні сала мамандары мен мәдениет үйлерін «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Zangar event» қоғамдық қоры, «Мұнай-фильдсервис» ЖШС, жеке кәсіпкер Тимур Мусаев мерекемен құттықтап, Алғыс хат пен сыйлық табыстады. Мереке соңы концертке ұласты.

Президент жарлығына сәйкес 2013 жылдан бері елімізде 21 мамыр мәдениет және өнер қызметкерлері күні болып белгіленді. Мәдениет пен өнер - қоғам дамуының негізгі қажетті саласы. Бұл халқымыздың бай мәдени мұрасы мен руханиятының дамуына үлес қосып келе жатырған азаматтарды жұлдыздық жұмылдыратын мерейлі күн. Қазіргі таңда өңірімізде мәдениет саласына ерекше көңіл бөлінуде. Атап айтар болсақ қаламыздың мәдениетін дамыту мақсатында, жақында көшпелі Алқа отырысы



меткерлері. Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын. Тәуелсіз еліміздің мәдени-рухани өркендеуіне зор үлес қосып, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, тарихымызды насихаттау, салт-дәстүрлерімізді жаңғырту, елді бірлік пен ынтымаққа шақыру жолында еңбек етіп жүрген мәдениет пен өнер саласы қызметкерлерінің қоғамдағы орны ерекше. Сала мамандары әрқазі елдің рухын көтеріп, адамзат баласына шексіз қуаныш, зор мақтаныш сыйлап келеді. Сол үшін де өнерлі, ерекше дарын иелеріне айтар алғысымыз шексіз. Қаланың мәдениетін дамыту мақсатында алдағы уақытта орталық кітапхананы күрделі жөндеуден өткізу, «Ақбұлақ» шағын ауданында жаңа мұражай салу сияқты жоспар қарастырылып жатыр. Кәсіби мерекемен құттықтай отырып, шығармашылық жаңа ізденістер, өнер жолында жаңа табыстар тілеймін! Мәдениет пен өнеріміз өркендей берсін, - деді Ж.Аймағанбетов.

Жаңаөзен қаласынан бастау алған болатын. Қаламызбен іргелес ауылдарды қосқанда қазіргі таңда 4 мәдениет үйі жұмыс жасауда. Сонымен қатар, Рахат ауылынан салынатын жаңа ауылдық мәдениет үйінің бастапқы қаражаты бөлініп, құрылыс жұмысы жоспарлануда. Бұл өңіріміздің мәдениетінің жоғарғы деңгейде дамуын көрсетеді. Өрне мәдениеттің дамуына бірден-бір үлес қосатын ол мәдениет қызметкерлері. Қаламызда жоғарғы және арнайы оқу орындарын тамамдап, өз мамандығының иесі болып жүрген жас мамандарымыз аз емес. Сол мамандардан тәлім-тәрбие алып, мәдениет үйлерінің үйірме оқушылары қазіргі таңда қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық байқауларда жүлделі орындарды иеленіп жүр. Мәселен 2023 жылы өткен XIII «Маңғыстау жұлдыздары» өнер фестивалында Жаңаөзен өнерпаздары ерекше өнер көрсетіп, бас жүлдені қанжығасына байлады. Бұл мәдениет қызметкерлерінің біліктілігімен ынтымағын көрсетеді.

# ОҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ КӨП АУЫЛ

Соңы. Басы 1-бетте.

**Гүлсім ОСПАН**

Жиынға қала әкімі Жансейт Қайнарбаев, мекеме басшылары мен ауыл тұрғындары қатысты. Ауыл тұрғындары алдында 2023 жылдың және 2024 жылдың 4 ай қорытындысы бойынша жасалған жұмыстарды баяндау үшін алдымен сөз кезегі Рахат ауылының әкімі Райымбек Сырымовқа берілді.

Бүгінде Рахат ауылының халқының саны есепті кезеңіне 36 280 адамды құрайды. Тіркелген тұрғын үй саны - 6 909. Құрамына: «Рахат», «Ақсу» және «Мерей» шағынаудандары кіреді.

2024 жылдың 4 ай қорытындысы бойынша әртүрлі сұрақтармен ауыл әкімінің және оның орынбасарының жеке қабылдауына 87 тұрғын келген екен.

Жеке тұлғалардан 217 өтініш, оның ішінде заңды тұлғалардан 7 өтініш келіп түсті. Көтерілген мәселелер бойынша заң талаптарына сәйкес уақытылы жауаптары берілді.

Ауылда 3 орта мектеп, 3 жекеменшік бастауыш мектеп, 1 мемлекеттік балабақша және 8 жекеменшік балабақша қызмет атқарады.

Орта білім беретін мектептерге тоқталатын болсақ, жалпы білім алатын оқушылар саны - 6 220, мұғалімдер саны - 528. Мектеп алды даярлық сыныбына 2023 жылы 402 оқушы, 1 сыныпқа 542 оқушы қабылданған.

«Самұрық Қазына Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның тапсырысымен «Жайлы мектеп» жобасы аясында Рахат ауылының «Мерей» шағынауданында 1200 орындық мектептің құрылысы жүргізілуде. Мердігер мекеме «Құрылыс Инвест Групп» ЖШС-і. Аталған құрылыс жұмыстары 2024 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі деп күтілуде.

«Ауыл - Ел бесігі» жобасы аясында Рахат ауылы, «Ақсу» шағынауданындағы №18 орта мектепке 288 оқушыға арналған жапсаржайдың құрылысы ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап ірге тасын көтеру жұмыстары жүргізілуде. Мердігер - «Маңғыстау-Тазалық» ЖШС-і.

Рахат ауылында 250 келушіге арналған емхана және 50 орынға арналған отбасылық дәрігерлік амбулатория қызмет көрсетеді. Ауылда тұрғындар санының артуына және жедел жәрдем қызметкерлерінің шақырушыға уақытылы көмек көрсету үшін ауылдың әкімшілік ғимаратының ішінен арнайы жедел жәрдем қызметі үшін бөлме бөлінген. Емханада және жедел жәрдем бөлімінде 50

дәрігер және 320 медперсонал қызмет етеді. Емхананың ғимараты күрделі жөнделуді қажет етеді. Ғимарат 2013 жылы салынып, пайдалануға берілген. Осы уақытқа дейін жөнделу жұмыстары жүргізілмеген. Ішкі және сыртқы жабдықтары ескірген.

2023 жылы емханаға іздестіру жобалау (ПИР) жұмыстары әзірленген. Маңғыстау облыстық қаржы басқармасы арқылы конкурс жарияланып, «АльфаПРО» ЖШС-і мердігер ретінде танылып, ЖСҚ жасақтауда. ЖСҚ-ның дайын болу мерзімі ағымдағы жылдың мамыр айы. Әрі қарай, құрылыс



құны нақтыланғаннан кейін, бюджеттік өтінім беріледі.

Ауылда 272 шағын бизнес объектілері (оның 172-ы қызмет көрсетуде) және 3 шаруа қожалығы тіркелген. Ал, тіркелген кәсіпкерлер саны - 2 196. Бұлар бүгінгі күні өз істерін дамытып, 964 адамды жұмыспен қамтып отыр. Ауылда жеке қосалқы шаруашылығы бар аула саны - 186. Рахат ауылының мал басының саны - 3 315.

Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту мақсатында бүкіл Қазақстан бойынша «Ауыл аманаты» жобасы жүзеге асырылуда.

2024 жылы Рахат ауылы бойынша көше жарық шамдарына техникалық қызмет көрсету жұмыстары «Өзенэнергосервис» МКК мекемесімен келісім-шарт жасакталып, тұрғындардан келіп-түскен сұраныстар негізінде өз қызметтерін атқаруда.

Ауылда 6 311 дана жарық шамы бар. Кабель желісінің ұзындығы - 479,95 шақырым. 2024 жылдың 4 айында Рахат ауылында 451 дана жарық шамдар ауыстырылды. 2023 жылы 1 659 дана жарық шам орнатылды, оның ішінде 733 дана жарық диодты шам қойылды.

Жалпы биылғы есеп беру кездесуде бұрынғыдай айқаймен көтерілген мәселелер болмады. Ауыл тұрғындары коқысты тазалау, контейнер қою, итті ату, ойын алаңшасын салып беру секілді өтініштерін айтты. Ауылда онды өзгерістердің орын ала бастағаны шындығында да қуанышты жағдай.

СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ

## Қараталға 10 қазақ үй табыстады

Наурыз айында орын алған алапат су тасқыны салдарынан бар жиганы көз алдарында суга ағып, қара шаңырақтары опырылып құлап, табиғат апатының қиындықтарына тап болған Қаратал ауылының тұрғындарына Бұрғылау ұжымы бірлесіп 10 қазақ үй сыйлады. Бұрғылау ұжымының қызметкерлері су тасқынынан зардап шеккен ауылға бірауыздан көмек қолын созу мақсатында әрқайсысы бере алған көлемде жинаған қаражатқа Алматыдан арнайы тапсырыспен 10 қазақ үй жасатып алдырған болатын.



Қаратал - Ақтөбе облысы Ойыл ауданына қарайтын, халқы малмен жан сақтап отырған ауыл. Екі мыңға жуық адамы бар елді мекен биылғы су тасқынынан қатты зардап шекті. Ауылдағы 234 үйді түгелге дерлік су басып, 208 үй мүлдем жарамсыз опырылып қалған болатын. Екпіндеп келген сең мен тасқын судан адам аман. Ауыл тұрғындары соған шүкір етіп отыр.

Су тасқыны кезінде Ойыл ауданының мектеп залдарына эвакуацияланған тұрғындар қазіргі уақытта үйлеріне оралып, қалған дүниелері мен малдарын түгелдеп қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуде. Өзірге үкімет үй салып бергенше әркім өз бетінше әрекет етуде. Қолы жеткендер көмекке берілген шатырларға уақытша орналасса, шатыр жетпегендер құлаған үйлердің үйінділерінен күрке жасап алып паналауда.

Еліміздегі орын алған су тасқыны апаттық жағдайы шыны керек бәрімізді есеңгіретіп қойғаны рас. Әрине осы сәтте, елдігіміз бен бірлігімізді көрсету өте

маңызды екенін ескергендіктен, ұжым болып су тасқынынан зардап шеккендерге қолдау көрсету мақсатында қаржылай ақша жинадық. Ең қатты зардап шеккен өңірлерді сұрастыра келе Ақтөбе облысындағы осы Қаратал ауылына көмек қайырымдылығымызды беруді қолға алған едік. Дәл қазіргі уақытта бұл ауылға үкімет тарапынан берілетін баспаналары салынғанға дейін уақытша тұратын қазақ үйлер керек. Біздер алған қазақ үйлердің сыртқы қаптамалары арнайы жаңбырдан күннен, салқыннан қорғауға арналған. Берілетін қазақ үйі аз болғандықтан ең бірінші кезектегі осал топтар қатарына жататын мүгедектері бар және көп балалы аналарға бердік. Табиғи апаттан кейінгі ауылдың жағдайын көзбен көру кім-кімге де оңай тимейді. Алла жеңілдігін беріп, табиғи апаттан зардап шеккендердің жағдайлары тезірек жақсаруын тілеймін, - деді Бұрғылау ұжымының қайырымды шараларының белсендісі Болат Жанатұлы.

Ернар ЕШМҰҚАН.

# Жас ауылдың келешегі кемел

Кендірлі ауылының әкімі Мекен Үйсенов өткен аптада өзі басқаратын ауыл тұрғындары алдында есеп беру жиналысын өткізді. «Кендірлі» мәдениет үйінің залында өткен жиынға қала әкімі Жансейт Қайнарбаев, мекеме басшылары мен ауыл тұрғындары қатысты.

**Гүлсім МҰРЫНОВА**

Кендірлі ауылы 2020 жылы құрылды. Жаңаөзен қаласынан 4 шақырым қашықтықта орналасқан. Аумағы - 2 235,0 гектар құрайды.

Кендірлі ауылының халық саны 13 212 адамды құрайды. 4200 - жұмыс күші бар; 745 - зейнеткерлер, 636 - студент, 280 - мүгедек: 1-топ: 32 адам, 2-топ: 125 адам, 3 топ: 73 адам, бала кезінен: 50 адам. (мүгедек балалар - 120, мүгедек ересектер - 160). Тұрғын үйлер саны - 2 805.

Ауылда 2 жалпы білім беретін мектеп және 1 мектепке дейінгі білім беру ұйымы бар. Сондай-ақ ауылда 300 орындық мәдениет үйі 40 орындық кітапханасымен қамтылған. Қазіргі таңда, қауылда «Ауыл - ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2022-2023 жылдары ауылда жаңа спорт зал кешенінің құрылысын салу үшін ЖСҚ жасақталып, мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды.

Қазіргі таңда, ауыл тұрғындарының табысын арттыру бойынша «Ауыл Аманаты» жобасы аясында Кендірлі ауылынан 5 жоба бойынша несие алу үшін жұмыстар жүргізілуде, оның ішінде 2 жоба бойынша құжаттары толық жинақталды, қалған 3 жоба бойынша мүлкті кепілмен қамтамасыз етуді бағалау туралы есептің қорытындысын күтуде. Ауыл бойынша тазаланатын жалпы аумақ 717,3 мың м<sup>2</sup> құрайды. Кендірлі ауылының аумағында қоқыс жинақталатын 117 орын бар, сол қоқыс орындардың 88 орны қоқыс жәшіктерімен қамтамасыз етілген. Ауылда барлығы 441 дана қоқыс жәшіктері орнатылған.

Кендірлі ауылының аумағында 3313 бағана бар. Оның 2245 бағанасында жарық шамы орнатылған, 1068 бағанасында жарық шамы орнатылмаған. Ауыл бойынша ауыз сумен қамтамасыз етіп отырған «Өзенинвест» МКК кәсіпорны. Ауыз суымен қамтылған абонент саны - 2990. Оның 2932-жеке тұлға, 58-заңды тұлға бар. Қолданыстағы құбырдың диаметрі 32-110-200 мм. Ауыл тәулігіне орташа есеппен 1706,6 м<sup>3</sup> су, ал айына орташа есеппен 51 198 м<sup>3</sup> мөлшерінде су тұтынады. 2024 жылғы тарифі - 120 тт/куб. Ауыл ішіндегі су құбырларының ұзындығы 127,9 шақырым құрайды. Ауылдағы



өрт гидраттарының саны - 362 дана.

Жалпы, ауыз сумен тұрақты түрде қамтып отыру үшін 2023 жылы Кендірлі теңіз жағалауының Токмақ су тұщыту зауытының және оның инженерлік жүйелерінің құрылысы басталды. Ауыл тұрғындарына мүмкіндігіне қарай ауласынан құдық салу жұмыстарын жүргізуге ұсыныс жасалады.

Кендірлі ауылында 13 негізгі көше және 22 аралық көше бар. Автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 78 км құрайды, 9,43 км (12,1%) асфальтталған (ауылдар бойынша ең төменгі көрсеткіш), 68,5 км (87,9%) асфальтталмаған.

Осыған орай, Саура көшесі (№24) мен Сұлтан Бейбарыс көшесі (№30) асфальттауға ЖСҚ жасақталып, 05.12.2022 жылы мем. сараптаманың оң қорытындысы алынды. Биыл бюджеттен 378,0 млн теңгесі бөлініп, конкурсы өткізілді. Жеңімпаз «Алтын жол групп» ЖШС болып табылады.

Кендірлі ауылының аумағымен 2 маршрут жүреді. Біріншісі: №11 маршрут: «Рахат ауылы Мерей ш/а 74 көшесі - Бөкен базары» бағытында қоғамдық көлікпен жолаушыларды тасымауда үшін «АКТАУБАС» ЖШС жеңімпаз атанып, 02.04.2022 жылдан бастап өз қызметін бастап кетті. Аталған



шілде айында басталды, қазіргі таңда құрылысы толығымен аяқталып, заңды тұлғаны тіркеу жұмыстары жүргізілуде.

Ауыл әкімі баяндамасын аяқтай келе, осы жылы спорт зал ғимаратын пайдалануға беру, дәрігерлік амбулатория ғимаратын пайдалануға беру, автокөлік жолдарының құрылысын аяқтау, Кендірлі ауылы әкімінің аппараты ғимаратының құрылысын бастау, Жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстарын жалғастыру, Электр энергиясының кернеуін тұрақтандыру үшін трансформатор орнату, негізгі және аралық көше жарық шамдарын заманауи жарық диодты шамдарға ауыстыру, ауыл тазалығын қамтамасыз ету үшін қоқыс жәшіктерінің санын арттыру және олардың сырттан қоршау, Шерқала көшесінің бойынан аялдамалар орнату, көгалдандыру жұмыстарын жүргізу, «Жайлы мектеп» ғимаратының құрылысын бастау секілді жұмыстарды жылдың аяғына дейін бітіру керек деген жоспарымен бөлісті.

Ауыл тұрғындарына сөз кезегі берілгенде ауылда қоқыс, жарық, ойын алаңшасын салу сияқты мәселелерді айтты. Құрылғанына 4 жыл болған ауылдың болашағы алда деп тарқасты тұрғындар.

ПРЕМЬЕРА

# Мен болсам, қыр кезіп жүрім әлі...

Кешірер ме екен деп киіктер!?

Енді СЕН аман бол, сүйікті Ел!, - деп толғанысымен аяқталатын батыр қыз Қаламқастың мұңды дауысы құлағымнан кетер емес. Бұл - Түркістан қаласында Түркістан музыкалық драма театрында сахналанған ақын-драматург Оңайгүл Тұржанның «Қаламқас» пластикалық драмасынан кейінгі көңіл-күй. Маңғыстаудың «Қаламқас» деп аталатын кен орнының атауын иеленген Қаламқас есімді арудың тағдыры!

Гүлназ БӨЛЕКБАЕВА

Басты кейіпкер - ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген қазақтың батыр қызы Қаламқас Еселбайқызының ерлігі туралы болған оқиға желісімен

жағдайына жаны күйген мерген қыз Қаламқастың зар еңіреп жүріп киіктерді қырғаны - жан тебіренерлік!  
«Шарасызбын!... атарда қолым дірілдеп тұрса да жебем мүлт кетпейді. Киік ұшып түскенде, менің



Қаламқас қыз құздан құлап мерт болады. Батыр қыз ғұмыр кешкен сол далада қызыл көйлекті қыз елесі аңшылардың алдын кескестеп, киіктерді қорғаштап жүреді деген аңыз бар. Сағат жарым тапжылмай қойылымды тамашалауда батырлыққа сүйіндік, мұңға батқанда күйіндік, қыз бойындағы мәрттікке тамсандық.

Шығарма авторы, жерлесіміз Оңайгүл Тұржанның драмалық қойылымының алғашқы көрсетілімі кейіпкерлерін Түркістан музыкалық драма театрының актерлері мен балет әртістері ойнады. Олардың қатарында Аида Серикова мен Айя Дәрібаева, Мао Сакаи, Шерхан Саматұлы, Мерей Құдайберген, ҚР Еңбек сіңірген қайраткерлері Қонысбек, Зәмзәгүл Бегайдаровтар және Аида Жақсылықова, Гүлжанат Қаламғазина, Рүстем Шайхов, Асхат Тарих, Бекарыс Қарағұлов, Атабек Садырқұлов, Аслан Алиев бар. Сонымен қатар қойылымда балет труппасының «Киіктер», «Шанды дауыл», «Қасқырмен айкас» билерімен ерекшеленді.

Спектакльдің қоюшы-режиссері, белгілі хореограф, өнертанушы Константин Семеновтың бұл Түркістандағы екінші қойылымы. Бұған дейін ол сахналаған Ермек Аманшаевтың «Қорқыт туралы аңыз» пластикалық қойылымы елімізде ғана емес, шетелдерге танылып үлгерді. Режиссердің айтуынша жас театр ұжымымен жұмыс істеу мол тәжірибе сыйлаған.

Драма, поэтика, музыка,

анимация, пластика бір-бірімен үйлесім тауып, заманауи техниканың барлық мүмкіндігі

шығармашылығы үшін маңғыстаулықтарға алғысын білдірді. Бұл көріністен қазіргі таңда қызу



жазылған драма. Ер-азаматтардың жауға кеткенін білген қаракшылар елді тонап, бар малын айдап кетіп, көп ұзамай ауыл-аймақ аштыққа ұшырап, қарттар өліп, балалар шетіней бастайды. Мұны көріп шыдап отыра алмаған батыр қыз құрбыларын бастап, киік аулауға шығады. Киік қуып жүргендегі қиян-кескі оқиғалар жанын түршіктірсе де, «біреудің малы біреуге мал бола ма, біреудің жері біреуге жер бола ма, жер де кек қайтара алады» деп жорыққа кеткен әкесі Еселбайдың аманаты мен сүйген жігіті батыр Қаражанның махаббаты оған күш-қуат береді. Алғашында киік атуға дәті бармағанмен, аштықтың аранына іліккен ел жұртының

де жаным шығып кеткендей болады, апа! Не істеймін? - деп анасын құшақтай мұнын шаққан қыздың жан күйзелісі», «... аман қалудың амалы ғой, адал азық етіп жүрміз, киесі кешірер» деген ана жұбатуы, сол күні түсінде Қаламқасқа киіктің киесі көрініп «Киіктерді алдына айдап әкеліп жүрген мен ғой, адамдар аштан қырылса - бізге сын! Бірақ түбінде сен біздің қорғаушы Иемізге айналасың!» деп тіл қатуы батыр қыздың көңілін жұбатқандай болады. Ел-жұрт киік етімен жүрек жалғап, Қаламқастың арқасында аштықтың беті қайтып, өлім-жітім азайып, енесін көтере бастайды. Ауылдастары оған арқа сүйеп, амандығын тілегенмен, кезекті бір қуған аласапыранда



пайдаланылған қойылым көпшілік көңілінен шықты. Аталған алғашқы көрсетілімге Маңғыстау облысынан Бекет ата мешітінің бас имамы Әнуар Елжанов, Маңғыстау ауданы әкімінің орынбасары Маралбек Сейлов, Жаңаөзен қалалық қоғамдық кеңестің мүшесі Үміт Құлжанова, Ш.Есенов атындағы Университет оқытушысы Бактыбай Жайлауов, мақала авторы мен қатыстым.

Премьера соңында театр директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлімхан Мырзахан қойылым туралы кеңінен баяндап, алғашқы қойылымды тамашалаған көрерменге, шығарма авторы Оңайгүл Тұржанның

талқыға түскен киік аулау мәселесі де, қоғамда қиюы қашып күн тәртібінен түспей тұрған әйелана тақырыбы да, лирикаға толы нәзік сезім де, елдікті көздеген тағдырлар тағылымы да қамтылды. Бұл - «Қаламқас» спектакліндегі ең басты ерекшелік.

Премьерадан үлкен жүрек толғанысын сезіндік, ақсақалдардың ризашылығын көрсек, жастардың жаңашылдығын байқадық. Тіпті кішкентайкөрерменін де анимациялық көрсетілімдерімен таң қалдырған қоюшы актерлардың, режиссердың талантын көрдік. Көрдік те, осындай жан жақты жасакталған театр бізде де болса ғой деп ой түйіп қайттық...

МӘДЕНИЕТ

## «Қуырдақ дайын» комедиялық қойылымы

Жақында Теңге ауылының 60 жылдығы мен драматург Қалтай Мұхамеджановтың 95 жылдығына орай «Атамұра» мәдениет үйінде «Қуырдақ дайын» комедиялық қойылымы сахналанды. Қойылымға көрермендер көп жиналды.



Аталған комедиялық қойылым - көрерменді күлдіре отырып, ой салатын туынды. Айтылған әр әзілдің астары бар деуге болады. Басты рөл Ережепті сомдаушы әртіс бастықтың орынбасары Жақанға жағымпаздық жасаймын деп жүріп, өзінің балдызы Күләнді

тұрмысқа бермекші болады. Оның бұл ойы жүзеге аспай, сонында жанындағыларға жеңкөрінішті атанады.

Қойылымның қоюшы режиссеры Қозыкөрпеш Омаров. Бұл шығармашылық ұжымның көрерменге ұсынған үшінші пьесасы. Қалтай Мұхамеджановтың «Қуырдақ

дайын» комедиясындағы көтерілген үрдіс сол кезге дәл келгенмен қазір де өзінің өзектілігін жойған жоқ. Мамандықтары өзге болса да,

пен «Атамұра» мәдениет үйінің директоры Гүлжан Жүгембаева қаламызда соңғы уақытта театр өнерінің серпін алып, дамып жатқанын



бойындағы өнері бұлқынып, театр сахнасынан бір шыққан Ережепті сомдаған Рамазан Тұрмағамбетов «Атамұра» мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі, Әлима рөліндегі Мадина Жұбатқанова концертмейстер, Жақан - Қозыкөрпеш Омаров, Күлән - Елдана Наурызова, Болатты сомдаған Тимур Қалмағанбетовтер қоғамдық қызметкерлер. Келген көрермендер олардың өнеріне мен талантына тәнті болып, ризашылықпен қол соғып отырды.

Қойылымға келіп, тамашалаған қала әкімінің орынбасары Жаңабай Аймағамбетов

атап өтіп, алдағы қойылымдарына сәттілік тілеп, әртістер әуесқой болғанымен, талантымен көпшілікті сүйсінтіп, қозғайымына айналып жатырғанын айтып, алғыс білдірді.

Енді ғана етек жиып, бой түзеп келе жатқан әртістердің бағындырар белесі биік екеніне күмән жоқ. Болашаққа жоспары мен мақсаттары да айқын. Ендеше мәдениет пен өнерді, әдебиет пен руханиятты ұштастырып жүрген театр ұжымына сәттілік серік болғай.

Шолпан БАТЫРХАНОВА.

АМАН ТӨЛЕЕВКЕ 80 ЖЫЛ

# Текті ұлын елі еске алды

Жұмыр басты пенденің әрбіреуін өзінше бөлек қайталанбас әлем деп жатамыз. Бір-біріне ұқсамайтын болмысы, бет-пішіні, түр-әлпеті, адамдық оқшаулығы болады. Әйтсе де, сол көпшіліктің ішінде ерекшеленер тұлғалардың рухани даралығының жөні бөлек болмақ. Әдетте, олардың еткен еңбегі, төккен тері, көрген тіршілігі мен кешкен ғұмыры, барша болмыс-бітімі қарақан басымен шектеліп қоймай, өзі өмір сүрген замана тынысымен астасып, өзі ғұмыр кешкен қоғам тарихымен шендесіп, сол кезеңнің айғағына айналып кетеді. Мұндай тұлғалардың рух тегеуріні заман мен қоғам дамуына мұрындық бола ма, әлде заман толғағымен тарих тудыра ма, оны кесіп айта алмаймыз. Қазақ даласында өмірге келіп, ұлтына деген сүйіспеншілімен қызметін жасап, қоғам дамуына

үлес қосқан қаншама тұлғаларымыз бар. Сондай-ақ, қазақ халқының маңдайына жазылған «мұң тілімен жөргегінде танысып, «мың өліп, мың тірілген» кезеңдер әлемнің түпкір-түпкіріне ұл-қызын тарыдай шашып жібергені тарихтан белгілі. Дәл осы кезеңдерде өзге елде өмірге келіп, өзге жұртта қоғамдық қызмет атқарса да, жүрегі «ұлттың» деп еміреніп тұратын қазағымның перзенттері де өмірге келді. Әбіш Кекілбаевтың: «Елін сүйген азаматқа ең үлкен қайғы - өз халқының тағдырынан тыс қалу» деуі де жоғарыдағы перзенттердің жан күйзелісін, тағдырын суреттейтіндей. Бірақ, қазақ қанындағы шар болаттай берік мінезі мен адамгершілікті өміріне арқау етер ұстанымын қалыптастырған өр ұлдарымыз өзгелерге өз ұлтының қадір-қасиетін ұғындыра білді.

Гүлназ ЖАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ

«Көке» деген бала дауысы құлағында қалған, жусан иісімен еліне деген сағынышын басқан Бейбарыс баба, үнді елін билеген Бабырдың жалғасындай «Жадымда қалған үш сөз бар: Қазақ. Адай. Бекет», - деп әкесі айтқан үш сөзді тұмарындай көрген Аман Төлеевті қызмет еткен елі құрметтеді, туған жұрты қадір тұтты. Аманкелді Төлеев 1944 жылы Түркменстандағы Түркменбашы (бұрынғы Красноводск) қаласында өмірге келген. Шыққан тегі - Адай, Балықшы руынан, Балуаннияз батырдың ұрпағы. Анасы Мунира Насырова татар-башқұрт қызы болған. А.Төлеев соғыста қайтыс болған туған әкесі Молдағазыны көрмей құрсақта қалған бала. Соғыс аяқталған соң анасы Башқұртстандағы туыстарының төңірегіне, кейін Сібірдің Кузбасс өңіріне қоныс аударған. Сол жақта екінші рет тұрмыс құрып, А.Төлеев өгей әкесі И.Власовтың тәрбиесімен өскен. Аманкелді Төлеев Ти-

біртуар азаматы, Ресейдің Кемерово өңірін ширек ғасырға жуық басқарған мемлекет және қоғам қайраткері Аманкелді Төлеевтің 80 жылдығына арналған «Жеке тұлғаның қоғамдық-саяси өмірдегі рөлі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясына қатысты.

Оған қоғамдық қордың төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткер-заңгері, заң ғылымдарының докторы, профессор Бекет Тұрғараев, Халық қаһарманы, қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы - халықаралық қоғамдық ұйымы төрағасының бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков, қоғам қайраткері Амалбек Тшанов, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңесінің бірінші орынбасары, тарих ғылымдарының докторы Өмірзақ Озғанбаев, Ресей Федерациясының Алматы қаласындағы бас консулы Дмитрий Тураев пен өзге де азаматтар қатысты. Конференция модераторы қала әкімінің орынбасары



бабамыздың қорымындағы ескі белгіні алып тастап, орнына үлкен мемориалдық кешен орнатуға А.Төлеев барын салды. Осылайша, ұлт перзенті Ресейдегі қазақтың мүддесін қорғап, ұлтының абыройын асқақтатуда жанын аямады.

Ресей Федерациясының Алматы қаласындағы Бас консулы Дмитрий Тураев халықаралық конференцияның өз денгейінде ұйымдастыруға асталысқан азаматтарға, соның ішінде Шымкент қаласы, Түркістан облысы әкімдіктеріне, «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қорына, оның төрағасы Бекет Тұрғараевқа ерекше алғысын білдірді. Елші А.Төлеевке бүгінгі заманның ең озық ойлы қазақ халқының өкілі деген бағасын берді. Оның Ресейдің саяси қоғамдық жүйесіндегі қайраткерлік істері нағыз батырлық әрекеттерге тән қасиет деп бағалады. Ол Кузбасс өңірін жиырма жылдай басқару кезінде қарапайым



хорецк теміржол көлігі техникумын, Новосибирск теміржол көлігі инженерлері институтын, Қоғамдық ғылымдар академиясын бітірген. Техника ғылымдарының докторы. Еңбек жолын 1964 жылы Кемеров облысында теміржолшы болып бастады. 1967-1985 жылдары Новокузнецккідегі Мұнайбашы, Междуреченск станцияларының бастығы, Кемерово Новокузнецк бөлімшесі бастығының орынбасары, бөлімше бастығы, 1985-1988 жылдары Кемерово облысы партия комитетінде көлік және байланыс бөлімінің меңгерушісі, 1988-1990 жылдары Кемерово аймағы темір жолдарының бастығы болды. 1990-1993 жылдары РКФСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Кемерово облысы халық депутаттары кеңесінің төрағасы, 1994-1996 жылдары облыстағы заң шығарушы жиналыстың төрағасы, 1996-1997 жылдары РФ-ның ТМД елдерімен қарым-қатынас министрі қызметтерін атқарды. 1997 жылдан Кемерово облысының губернаторы. Бір ғажабы, тұтас бір өңірді 20 жылдан аса басқарып отырған басшыны өз жерлестері барлық сайлауда да жаппай қызу қолдап отырған. 1991, 1996, 2000 жылдарда РФ Президенттігіне кандидат болып түскен. Төлеев «Долгое эхо путча» (1992), «Власть в руках человека и... человек в руках власти» (1993), «На изломах жизни...» (1993), «Цена иллюзий» (1995), «Отчество - боль моя» (1995), «Судите сами» (1996) атты кітаптардың авторы. Ресейдің, Қазақстанның, Украинаның, Беларусьтің, Монғолияның және өзге де мемлекеттердің ордендерімен марапатталған. Сонымен қатар аймақтағы демеушілік шараларымен халық арасында үлкен беделге ие болған «Помощь» «Семипалатинский след» атты қоғамдық қорлардың негізін қалаушы. Анасы Мунира Аманға ата-бабасы қазақтар екенін, руы Кіші жүздің ішіндегі Адай екенін құлағына құйып өсіртіп.

Мамыр айының екінші онкүндігінде бір топ маңғыстаулық делегация Шымкент қаласындағы 1200 орындық Түркістан сарайында өткен Шымкент қаласы әкімдігі мен «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қорының ұйымдастыруымен үшінші мегаполисте қазақтың

Сәрсен Құранбек президиум мүшелерін көпшілікке таныстырып, халықаралық жиынның мәні мен маңызы туралы айтып өтті. Конференция барысында Ресей жерінде өсіп, қызмет етсе де жүрегі қазақ деп соққан азаматтың ұлтжанды қасиеті мен ерекше мейірбандық мінезі жан-жақты қырынан ашыла түсті. Баяндамашылар мінбер биігінен ұлт перзентінің өнегелі өмірі мен тұлғалық қасиеттерін ерекше атап өтті.

Алғаш болып сөз алған «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» халықаралық қоғамдық қорының төрағасы, жиынның өтуіне мұрындық болған Бекет Тұрғараев:

«Аман Төлеев бұл өлкені өзінің туған жерінде көрді. Ет жақын туыстарын да осы өлкеден тапты. Оның көп аралағаны да, көңілін сергіткен даласы да, жанына медеу іздегенде тыныштық табағын рухани ортасы да осы топырақ болды. Қазақ даласында 80 жасын тойлаған болса, ол осы ортаны тандар еді», - деді Б.Тұрғараев. «Ел басына күн туған шақта оны қиын-қыстаудан алып шығатын азаматтар алға суырылып шығады. Сондай мықты адамның бірі - заманынан озып туған парасатты жан, саяси жүйенің қаһарынан қорықпаған, ешбір дұшпанға илікпеген бүгінгі заманның хас батыры Аманкелді Төлеев ағамыз. Аманкелді Молдағазыұлы губернаторлық қызметке аса ауыр уақытта келіп, келешектегі салмақты реформаторлыққа дайындалып, өте күрделі әрі қиын мемлекеттік мәселелерді шешуі керек болды. Оның сынға түсер кезеңі осы бір ауыр уақытқа тұспа-тұс келді. Сол кезеңнен бастап оған артылған жүк те, бағалау критерийі де сыннан өткізілді. Аймақ экономикасын тұрақтандыруға байланысты оның ұстанымы - ауруы асқынып кеткен жүйені емдеп, құтқарудан тұрды. Өзі басқарып отырған аймақтың мүддесі үшін маңызды мәселелерді шешуде күш-жігерін аямады. Осы жолда табиғат берген ұстамдылық пен байсалдылық, зиялылық пен кемелділік келбетін танытты», - деді естелігімен бөліскен Б.Тұрғараев.

Тоқтар Әубәкіров зал толы халықты көріп, көңілі ерекше толқығанын жасырмады. Бұл қарапайым адамдардың ұлт



қайраткерін көзімен көрмесе де оның жазап кеткен жақсылығын, өмірде қандай жан болғанын білгісі келген айрықша ықыласы болса керек-ті. Сондықтан ғарышкер ағамыз жұртшылықтың осынау ыстық ықылас пейіліне алғысын айтты. Ғарышкер кезінде бір топ делегация болып Кемерово облысына барғанын, қайраткермен тілдесіп, екі ел арасындағы саяси-экономикалық мәселелерді қозғай келе, Қазақстанға келуге қолқа салғанын жасырған жоқ. Бірақ белгілі себептермен бұл арман-тілек жүзеге аспай қалды. Сондай-ақ өз естелігінде Тоқтар Әубәкіров Аманкелді ағамыздың үнемі ғарышкерлер күніне орай досына құттықтау хаттар жіберетінін ерекше бір жылылықпен еске алды. Олжас Сүлейменов пен ушеуі мінберден баяндаманы қазақша жасауға уәде беріпті. Соған байланысты тұңғыш ғарышкер жиында бастан-аяқ қазақша сөйледі. Алайда ерекше құрмет тұтқан бауыры А.Төлеев бұл күнге жете алмай кеткеніне өкініш білдірді.

Зауытбек Тұрысбеков ұлт мақтанышы А.Төлеевтің еңбек жолын, биік парасатты ұстанымын елге, әсіресе жастарға таныстыру конференцияның негізгі мақсатының бірі екенін айта кетті. Ресей жерінде осы азаматтың абыройының арқасында қазақ ұлтының ұпайын түгендеген көптеген игі істің атқарылғанын атап өтті. Мәскеудің Волоколамск шоссеіндегі мектептің біріне Бауыржан Момышұлының аты берілуі, Ресей астанасында салынып жатқан жаңа метро стансасының Алматы қаласының атымен аталуына көп күш салды. Сондай-ақ Екінші дүниежүзілік соғыстағы Ржев шайқасында қазақтар көп ерлік көрсетті. Солардың есімі өшпесін деген ниетпен ешкім кіре алмаған құпия архивті ақтарып, қазақ сарбаздарының есімі құрмет тақтасына қашалып жазылды. Бұл жерде де А.Төлеевтің абыройынсыз іс бітпес еді. Баяндамашы ұлт перзентінің жанашырлық пейілінің керемет болғанын, қазақтың тарихы мен құндылықтарына ерекше құрметпен қарағанын тебірене айтып берді. Соның бір мысалы Өзбекстандағы Әйтеке би бабамыз жерленген Нұратада зәулім мешіт салдырып, сол аумақты үлкен кешенге айналдыруға қаржылай жәрдемін көрсеткен Аманкелді ағамыз болған. Содан соң Астрахань жерінде жатқан Бөкейхан

халықтың сенім үдесінен шығып қана қоймай, дүние жүзіндегі саясаткерлердің де ерекше ықыласына бөленді. Сонымен бірге саяси қайраткер ата тегінен ажырамай, тарихи Отанынан да қол үзіп кетпегенін айрықша атап өтті. Сондықтан бұл қасиеттер А.Төлеевті ерекше феноменді азаматтар қатарындағы деңгейге көтергенін мәлімдеді.

Ғалым Өмірзақ Озғанбаев қазақ даласы небір ұлдарды өмірге әкелгенін, солардың ішінде өзі сыртта жүрсе де жүрегімен, тілегімен әрдайым қазақ халқымен бірге болған Аманкелдідей атпал азаматтың орны да сый-құрметі де ерекше екенін атап өтті. Сонымен бірге ғалым ұлт перзентінің жүрегінің түгі бар қайсар ер болғанын да атап өтті. Осылай деген ол талай террористік әрекеттерде А.Төлеевтің қорықпай ланкестермен тікелей байланысқа шығып, мәселені қарулы қактығысыз бейбіт жолмен шешілуіне мұрындық болғанын өмірдегі нақты бір-екі мысалмен келтіре кетті.

Айтулы азаматтың қоғамдағы рөлі мен саяси қайраткерлігіне арналған халықаралық конференцияда, сондай-ақ Президенттің штаттан тыс кеңесшісі М.Скаков, қоғам қайраткерлері О.Асанғазы, С.Жалмағанбетова, белгілі тарихшы З.Кабалдинов жарыссөзге қатысты. Жиын барысында ұлт мақтанышының кесек мінезі мен батырлық тұлға болмысы жайында сөз қозғалды. Тындарман жүрегінде ұлттық рухты биік ұстанған азаматтың асыл бейнесі қалды. Көз алдарында бойына әділдіктің, іріліктің, биіктіктің, тереңдіктің, мәрттіктің, тектіліктің белгісін жинаған Аман Төлеевтің бейнесі тұрды.

Жат жерде жүрсе де жиырма бір мешіт тұрғызуға септігін тиігін, шетте жүрген қазаққа, елден келген туысқа қол қайырымын бере алған, халқына деген ыстық ықыласын ісімен көрсете білген Аманкелді Молдағазыұлының болмысынан Қалнияз ақынның «Ер Қармыс» жырында: «Мен анадан туғанда, Өлерімді білгенім... Сегіз Арыс Адайда... Өзімдей бір үл тұса, Жоқ-ты менің арманым!» - деп өткен Ер Қармыс армандаған ұлдың бірі ме екен-ай деп ой құшағында қаласын?! Рухани ғұмырыңыз ұзақ болғай, аңыз адам!

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІНЕ ОРАЙ

## «ТОЛАҒАЙ» отбасылар сайысы

Тәлімді тәрбие отбасынан басталса, дені сау ұрпақ - ұлт болашағы болмақ. Ата-ана шаңырақтың іргетасы. Сондықтан, бала өмірінде салауатты өмір салтын қалыптастыруда әке мен ананың рөлі орасан зор. «Мұнайшы» мәдениет үйінің ұйымдастыруымен Қапаған Күржіманұлы атындағы №8 жалпы білім беретін мектептің спорт алаңында, халықаралық отбасы күніне орай үйірме оқушылары және олардың отбасы арасында «Толағай» отбасылар сайысы өтті.



Сайыс отбасылық тәрбие мен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. 6 кезең бойынша өткен сайысқа «Мұнайшы» мәдениет үйінің белсенді, спортқа жақын ата-аналары және олардың балалары қатысты. Әр топтың өз аты, таңбасы, ұраны және бір түсті спорттық киімі болды. «Бірлік» тобы қызыл түсті, Халбаевтар отбасы, «Ынтымақ» тобы сары түсті, Ердуллаевтар отбасы, «Жалын» тобы көк түсті, Избергеновтар отбасы, «Жігер» тобы ақ түсті, Сұлтановтар отбасы. Отбасылар сайыстың әр кезеңіне белсене қатысты.



Тартысты өткен сайыста - «Жігер» тобы I орын алып, жеңіске жетті. «Жалын» тобы II орын, «Ынтымақ» тобы III орын, «Бірлік» тобы қатысқаны үшін диплом және ақшалай сыйақымен марапатталды.

Айлин АСҚАР.

ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

## Қабылданған заңдарға түсінік

Жаңаөзен қаласында Маңғыстау облысы әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының ұйымдастыруымен «Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қабылданған заңдарды» түсіндіру бойынша тұрғындармен ашық форматта кездесу өтті.



Кездесуге қала тұрғындары, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның және Маңғыстау облысы әкімдігі жанындағы кәметке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның мүшелері, Бала құқықтары жөніндегі Маңғыстау облысы бойынша уәкілі Т.Болатбаева (модератор), Аналар кеңесінің мүшелері, Жаңаөзен қалалық сотының және Жаңаөзен полиция басқармасының өкілдері және ата-аналар мен мектеп психологтары қатысты.

60-қа жуық қатысушы қатысқан жиын барысында облыс әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы С.Б.Алибекова, Жаңаөзен қалалық сотының судьялары С.С.Махамбетова, Н.Т.Даргулова, Жаңаөзен қаласы полиция басқармасы бастығының орынбасары А.Абдразақов, аға инспекторы Л.Бисекеновалар сөз сөйлеп, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың түрлері және қолданылатын жаза түрлерін заң



жүзінде түсіндірі.

Тұрғындар отбасылық құндылықтарды нығайтуға және балалардың рухани тәрбиесін қамтамасыз етуге байланысты өзара пікір алмасты.

Жиынға қатысушылар заңнамалық актілерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды «Зорлық-зомбылықты жою жолында жасалған қадам» деп бағалап, бірауыздан қолдады.

Шара соңында политехникалық колледж психологі С.А.Утепова ана мен бала арасындағы байланыстың маңыздылығын ерекше атап өтіп, психологиялық тренинг өткізді.

Нұршат КЕНЖЕҒАЛИЕВА.

# Маңғыстауда мемлекеттік қызметке іріктеу тәртібі өзгерді

Биыл Маңғыстауда 1 шілдеден бастап «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қызметкерлер жаңа ережемен қабылданады.

Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау рәсімін жеңілдету, азаматтар үшін мемлекеттік қызметтің барынша ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету тапсырмасына орай, Агенттік мемлекеттік қызметке іріктеудің автоматтандырылған алгоритмін әзірледі.

Бұл ретте, конкурстық рәсімді өткізуде толық цифрландыруды көздейтін «equezmet.gov.kz» порталы әзірленді.

Сәйкесінше, конкурстық рәсімнің барлық кезеңдері онлайн түрде қашықтықтан (24/7 - әңгімелесуден басқа) өткізіледі, оған азаматтар әлемнің кез келген нүктесінен және қалаған уақытында қатыса алады.

Жаңа іріктеу жүйесі пилоттық сынақтан 2023 жылдың 1 наурыздан бастап 5 мемлекеттік органда басталды. Өз кезегінде, сынақтан өткізу 2024 жылдың 1 ақпанын бастап қайта ұзартылып, мемлекеттік органдардың саны 22 ұлғайды.

Үміткерлерге мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін іріктеу кезеңдерінен өту кезінде анонимділікті қамтамасыз ету үшін ID-нөмір беру көзделген.

Сондай-ақ «адами фактордың» ықпалын болдырмау үшін конкурс рәсімінің ашықтығын тәуелсіз прокторинг жүйесі қамтамасыз етеді. Осылайша, жаңа іріктеу форматына сәйкес конкурстың қорытындылары ақпараттық жүйемен дербес шығарылады.

Тестілеу жүргізілетін нормативтік құқықтық актілердің саны екі есеге, яғни 9-дан 4-ке дейін қысқартылды. Бұл ретте, азаматтар тестілеу залдарына бармай-ақ, өзіне ыңғайлы уақытта және кезкелген жерде онлайн тапсыра алады.

Тестілеуде шекті мәнді еңсермеген қатысушылар тестілеуге үш күннен кейін және тестілеу тәртібін бұзған жағдайда бір айдан кейін қайта жіберіледі.

Тестілеуден сәтті өткен қатысушылар порталға тіркеліп, өздеріне қатысты деректер мен құжаттарды енгізе отырып, бос орындарға таңдау жасай алады.

Яғни, мемлекеттік органға ешқандай құжат жолдамайды.

Ұлт зиялысы Ә.Бөкейхановтың «Ұлтына, жұртына қызмет ету - білімнен емес, мінезден» деп атап өткендей, қазіргі таңда мемлекеттік қызметке қоғамның талабына сәйкес келетін кәсіби мамандарды тарту аса маңызды болып табылады.

Осы орайда, қатысушылардың құзыреттері мен қабілеттерін бағалауына басымдық беретін жаңа іріктеу жүйесі келесі кезеңдерді қамтиды:

Бірінші, жеке қасиеттерді бағалау. Бұл кезеңде жалпы 130 сұрақтан тұрады. Өту мәні жауаптардың растық деңгейі 50% кем болмауы тиіс.

Қатысушылардың нәтижелеріне қарай 1-ден 2-балға дейін беріледі.

Осы кезеңнен сәтті өткен үміткерлер екінші кезең мәтіндік және сандық ақпаратпен (SHL) жұмыс істеу қабілетін бағалауға жіберіледі.

Аталған кезеңде әрқайсысы 25 сұрақтан тұратын екі блокты құрайды, барлығы 50 тапсырма беріледі. Өту шегі барлық 50 сұрақтың 10 дұрыс жауабын құрайды.

Қатысушылардың көрсеткен нәтижелеріне қарай 1-ден 5-ке дейін балл беріледі.

Осы кезеңнен кейін үміткерлердің жалпы санының жартысы, бірақ кемінде үшеуі әссе жазу кезеңіне жіберіледі. Егер әссе жазу

кезеңі қарастырылмаса, онда үш қатысушы әңгімелесуге жіберіледі.

Үшінші кезең - әссе жазу.

Бұл басшылық лауазымдар үшін (A-1, B-1, C-1, C-O-1, C-R-1, D-1, D-O1, D-R1, E-1, E-R-1, санағына) міндетті кезең. Өзге лауазымдар үшін осы кезеңді қарастыру мемлекеттік органның өзі айқындайды. Мемлекеттік органның кадр қызметі әссе тақырыптарының тізімін қалыптастырады, ол жүйеде орналастырылады және жүйемен кандидаттың жеке кабинетіне жіберіледі.

Әссені үміткер жүйеде онлайн режимде тәуліктің кез келген ыңғайлы уақытында, жүйемен айқындалатын кестеге сәйкес жазды және мемлекеттік немесе орыс тіліндегі екі жүз сөзден аспайды.

Осы кезеңде конкурстық комиссия қатысушыларға 0-ден 5-ке дейін балл аралығында бағалайды. Шекті мән кемінде 3 баллды құрайды.

Соңғы төртінші кезең мемлекеттік органның конкурстық комиссиясында әңгімелесу:

Конкурстық комиссия құрамының үштен бір бөлігі бос лауазымның функционалды бағыттарына сәйкес салаларда үш жыл жұмыс тәжірибесі бар бағалаушылардан тұрады. Әңгімелесу жүйемен үміткердің жеке кабинетіне жіберілген сілтеме бойынша бейнебайланыс режимінде жүргізіледі. Үміткерге бос лауазым бойынша және алдыңғы жұмыс орындарының қызметтік функционалды бағыттарына сәйкес жеке қасиеттері тұрғысынан жалпы сипаттағы сұрақтар қойылады.

Яғни, заңнамада көрсетілген нақты талаптар бойынша кәсіби сұрақтар қойылмайды. Әңгімелесу қорытындысымен конкурстық комиссия қатысушыларға 0-мен 3-балл арасында баға енгізеді.

Нәтижесінде конкурс жеңімпазы барлық кезеңдердің қорытындысы бойынша жүйемен анықталады.

Бұл ретте, әңгімелесу кезеңіне жалғыз үміткер қатысып оның нәтижесі 1 баллдан кем болған жағдайда конкурс жеңімпазы анықталмайды.

Атап өту қажет, қолданыстағы іріктеу жүйесі бойынша конкурсқа қатысушылардың үлесі орта есеппен бір орынға 1,7 адамды құраса, жаңа іріктеу жүйесі бойынша бір лауазымға қатысушы үміткерлердің орташа үлесі үш жарым есеге артып, 5,8 адамды құрады. Нәтижесінде, осы жоба бойынша мемлекеттік қызметке қабылданған азаматтармен сұхбат жүргізу барысында қатысушылардың басым бөлігі шынайы бәсекелестікке жол ашатын, іріктеу кезеңдеріне ыңғайлы уақытта қатысуға мүмкіндігін беретін, рәсімдері толық цифрландырылған іріктеу жүйесі бойынша оң пікірлерін білдірген. Агенттік жыл соңына дейін жаңа іріктеу жүйесін жетілдіру бағытында бірқатар өзгерістер енгізіп, оны келесі жылдың соңына дейін барлық мемлекеттік органдарға енгізуді жоспарлап отыр.

Естеріңізге сала кетейік, қолданыстағы мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың тәртібі елімізде 2017 жылдың 21 ақпанында тәжірибеге енгізілді. Бұл ретте, осыған дейін I бірінші кезекте мемлекеттік қызметке үміткер алдымен заңнаманы білу тестілеуінен жергілікті департаментке барып өтуі тиіс болатын. Содан соң Агенттіктің интернет ресурсында жарияланған /gov.kz/ бос жұмыс орындарын қарап, мемлекеттік органның электрондық поштасына өтініш, қызметтік тізімі мен білімі туралы құжаттардың нотариалды көшірмелерін ұсыну арқылы конкурсқа онлайн түрде қатысатын еді.

Токтамыс ЖҰМАҒҰЛОВ,  
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облыстық департаментінің басшысы.

ИМАНДЫЛЫҚ

# Исламда тыйым салынған құмар ойындар

Ойнауға тыйым салынған ойындардың ішіне құмар ойындары жатады. Алла тағала құранда: (Уа, иман келтіргендер! Арақ-шарап, құмар һәм басқа да ұтыс ойындары, табыну үшін орнатылған пұттар және жебелермен бал ашу - шайтанға тән лас істер. Әл-Мәида - 90.). Басқа аятта (Олар сенен шарап пен құмар ойындарының үкімін сұрайды. Оларға «Екеуінде де үлкен күнә адамдар үшін бір қатар пайдалар бар. Алайда олардың пайдасынан гөрі күнәсі мен зияны әлде қайда көп». Әл-Бақара - 219). Ислам дінінің көз қарасы бойынша, құмар ойындарды тексеру барысында қай ойындар құмар немесе қайсысы құмар болып саналмайды деген ұғым пайда болды. Негізінде құмар ойынның харам екенін Алла тағала құранда баяндап кеткен. Алайда қандай ойын құмарға жатады екендігінде әр түрлі көз қарас бар. Кейбір ғалымдар құмар ойындарды былай деп келтірген. Құмар ойын болуына мынадай себеп бар: кездейсоқтық ұтыс немесе керісінше ұтылыс. Мысалы, ойыншыға қандай карта түсетіндігіне байланысты немесе тасты лақтырған кезде қандай сан түсетініне байланысты жеңімпаз анықталған ойын.

Сонымен қатар, мұндай ойындар құмарлық деп аталуы, адамдарға психологиялық тәуелділікті тудырған себепті. Егер ойынға көп ақша тігілсе, ойнап жатқандардың көп ұтылысқа ұшырағаны, сол жеңілген ақшаны қайтадан жеңіп алу үшін, барлығын жасауға тырысады. Керісінше ұтып жатқан ойыншы тағы да көп ұтысты қалап ақыр соңында жеңіліске ұшырайды. Құмар ойындардың тағы харам болу себебі, ең алдымен ойыншылардың біреуінің ұтып алған ақшасын ол заңсыз ұтып алғанына байланысты, яғни адам осы жолмен тапқан әрбір ақша үшін ол қиямет күні жауап беруі.

Құмарлық ойында тек ойнағанға ғана зиянын тигізбейді. Сонымен қатар қоғамға да кері әсері етіп көп ұзамай ел арасында жұмыс істейтін құмар ойынға берілгендердің көбеюіне себеп болады.

Табысын жоғалтқандарға келетін болсақ, бұл ақшаны орынсыз жұмсау деп саналады, оны ысырап деп те атайды. Өйткені Алла тағала бұл ақшаны өзін және отбасын асырау үшін, мұқтаж

жандарға көмектесу үшін берілген мүлік. Алла тағала құранда (Жендер, ішіндер, ысырап етпендер. Расында Алла ысырап етушілерді жақсы көрмейді. Әл-Ағраф-31). Ал олар болса ақшасын шашуда. Сонымен қатар бұндай ойындардың барысы бос уақытты өткізуден басқа ештеңе емес, өйткені бұл нәрсе ешқандай пайда бермейді. Тағы да мұндай ойындарда алдау, карталарда ауыстыру және тағы басқа қулық, қарсыласын алдау болғандықтан бұл шарихатта тыйым салынған. Сондай-ақ, құмар ойындар көбінесе адамдар арасындағы қақтығыстарға әкелетінін ұмытпаған жөн. Себебі бұл жерде жеңіліс тарту мүмкін емес, нәтижесінде біреу жеңіске жетеді, екіншісі жеңіліске ұшырайды. Жеңілген тарап, белгілі себептермен, өзінің қарсыластарына ашуын көрсете бастайды. Бұл өз кезегінде қарым-қағынаста жағымсыз салдарға душар болуы мүмкін.

Ойындар әрқашан біліммен, мәдениетпен және тарихпен байланысты. Олар өмірдің көрінісі болғандықтан, әртүрлі мәдениеттер бір-бірімен шектеседі. Сондықтан, бір фотуаның аясында бүгінгі ойындардың сан алуан түріне қатысты шешім қабылдау дұрыс емес.

Жоғарда айтылған қағиданы сақтай отырып, рұқсат етілген (халал, мубах) ойындар өте ауқымды. Ал (харам) тыйым салынған ойындар санаулы-ақ.

Сонымен қатар, төменде келтірілген бір қағидаларға сай ойындарды харам түріне жатқызуға болады. \*Ойындарда сиқырмен, болашақты болжауға, тағдырмен байланысты элементтер бар ойындар тыйым салынады. Өйткені, харам етілген нәрселердің барлығы бар.

\*Зұлымдыққа, кісі өлтіруді, неке адалдығын бұзатын, және де басқа да кінәларды шақыратын ойындар.

\*Кәпірлікті көрсететін немесе оларды жарнамалайтын басқа діни нысандарды насихаттайтын.

\*Біздің сенімімізге қайшы келетін ойындар (ақида). Мысалы, адамға қайта тірілту мүмкіндігі берілсе, яғни тек Аллаға ғана тән құдіреттер.

**Исламда танымал ойнауға тыйым салынған ойындарды келтіруді жөн көрдім:**

1. НАРДЫ

Мұхаммед пайғамбар ( Алланың игілігі мен сәлемі болсын ) дәуірінде кең таралған ойындардың бірі ол тыйым салынған нарда. Пайғамбар

хадисінде « Нарда ойнаған адамның қолы шошқа етімен арамдалған секілді» (Муслим, Ибн Маджа). Пайғамбардан келген Сахих Муслимде: Кім нарды ойнаса, қолын доңыздың еті мен қанына салғанмен тең. Басқа бір хадисте: Әлде кімнің нарды ойнағаны Аллаға және Оның Елшісіне қарсы келгені. Нар ойынының харам болу себебі сәттілікпен сәтсіздікке сүйенеді. Пайғамбарымыздың ол ойыннан тыюның басты себебі де осы.

Алайда нарды ойынын ақша мен ойнамаса да оны харам деп атаймыз. Бірақ нарды ойнауға рұқсат берген Сағин ибн Мұсайяб атты табиғінде болған. Ол кісінің пікірінше нардың харам болу себебі ақша тіккендіктен. Сахабалар арасында Әли ибн Әбу Толиб, Абдулла ибн Омар сынды сахабалар нарды ойнау дұрыс емес десе, Абдулла ибн Аббас, Абу Нуройро сахаба бойынша ақша тікпесе ойнауға рұқсат деп айтқан.

2. КАРТАЛАР

Әлемге танымал ойындардың бірі карталар. Қазіргі таңда мұндай ойындардың бірнеше түрі бар. Егер адамдар ақша үшін карта ойнайтын болса, онда мұндай ойынға тыйым салынады. Ал егер олай болмаса, рұқсат етіледі.

3. ЛОТЕРЕЯЛАР

Тағы да кең таралған ойындардың бірі лотерея ойыны. Оған көптеген адамдар қатысады және кімнің билеті ұтысқа ие болса, онда сол адам жеңімпаз. Жеңіске жетуінің бір белгісі, ойынды ақшалай ойнау, сонымен қатар ойыншының психологиялық түсу ықтималдылығы, бұл себепті ойын харам болады.

4. СПОРТТЫҚ БӘС ТІГҮЛЕР

Адамдар спорттық жарыстардың нәтижелерін болжауға тырыса және олар сәтті болса, ұтыс бәс тігуінің мөлшеріне және коэффициентке байланысты ақша ұтады. Бұл ойында харам жатады, өйткені ол құмар ойынын барлық белгілерін тудырады. Мысалы мұндай филиалдар Қазақстанда бар, олар; 1хбет,

олимп, теннис және тағы басқа.

5. РУЛЕТКАЛАР

Құмар ойынға рулетка да кіреді. Ол жерде жеңімпаз дұрыс нөмірді тапқан адам болады. Әрине, мұндай ойынға исламдық тұрғыдан тыйым салынған.

6. ОЙЫН АВТОМАТТАРЫ

Ойын автоматтары бұрын соңды болмаған танымалдыққа ие болды. Олардың көпшілігі белгілі бір елдерде және аймақтарда тыйым салынған. Сондай-ақ интернет жүйесінде, кейбір сайттарда. Олардың барлығы әрине құмар ойыны болғандықтан, харам саналды.

Осылайша мұсылман адамдар бір ойын бастамас бұрын оны анықтап алу керек. Себебі егер ойнап жатқан ойыны құмар немесе харам болса, онда сол кісі үлкен күнә жасаған болып саналды. Сонымен қатар компьютер ойнау барысында мынадай ережелерді естен шығармаған жөн.

\*Ойындарға көп уақыт жұмсалмау керек. Адам компьютерге немесе басқада осындай нәрселерге уақытын көп бөлсе, отбасына, досына, туыстарына уақыт бөлі алмайды.

\*Ойындар мұсылман адамның құлшылығына кедергі болмауы керек. Адам әрқашан құдіреті шексіз Алланың алдындағы міндеттерін ұмытпауы керек. Сондықтан ешқандайда бір нәрсе, сол құлшылықтарға кедергі жасамау керек. Мысалы, намаз, зікір және тағы басқа. Егер кедергі жасайтын болса онда кез келген ойын харам дәрежесіне өзгереді.

\*Ислам құндылықтарына қарсы келетін, ойындарды ойнауға болмайды. Адамдарды күнәға апаратын жол болмау керек. Мысалы, карта ойыны арқылы бірін-бірі шешіндіру.

Енді ойындар мен ойын-сауықтар бұкіл салаға айналды, сондықтан оларды мүлдем басқа категория ретінде бағалау орынды болу мүмкін.

Адамдар ешқашан бір көзқараста болмайды. Мысалы, елу жастағы кісінің қылығы немесе ұстанымдары бала секілді болуы мүмкін. Сондықтан ойын-сауық оларға қызық болуы мүмкін. Ал кейбір кісілер өмірін Аллаға құлшылықпен өткізіп дүние қызықтарынан алшақтау мүмкін. Ал осы екі кісінің арасында мыңдаған қадамдар бар.

**Заманбек ПАХАТОВ,**  
теолог.

## ВАНДАЛИЗМ

# үшін жауапкершілік күшейтіледі

Қызылсай ауылының маңындағы тарихи ескерткіш саналатын православ зиратының бір бөлігін белгісіз адамдар қиратып кеткен. Қарақия ауданының әкімдігі вандализм актілерінен кейін православ зиратында қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді.

Бейттерде белгісіз адамдар шойын қоршауларды кесіп тастаған. Қазір қабірлер бастапқы қалпына келтірілген. Аталған жағдай ерекше бақылауға алынған.

Ал полиция вандалдардың заң алдында жауап беретінін ескертті. Қазір полиция православ зиратының бір бөлігін қиратқан күдіктілерді іздестіріп жатыр. Алайда қылмыс болған жерде бейнебақылау камералары болмағандықтан іздестіру жұмыстары қиынға соғуда. Осыған байланысты құқық қорғау органдары тұрғындарға вандализм үшін жауапкершілік барын ескертіп отыр. Облыстық полиция департаменті вандализмнің жолын кесу жұмыстары тұрақты жүргізіліп жатқанын айтып, сонымен бірге мұндай құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік күшейтілгенін мәлімдеді.

- Вандализм, яғни тарихи-мәдени мұра нысандарын қирату немесе қоғамдық мүлікті қорлайтын өзге де іс-әрекеттер үшін 50-ден 100 АЕК-ке дейін айыпұл салу, 160 сағатқа дейінгі уақытқа қоғамдық жұмыстарға тарту немесе 40 тәулікке дейінгі қамауға алу қарастырылған. Халықтың өтінші бойынша біз әрдайым тексерулер жүргіземіз, көбіне тұрғындар полицияға жүгіне бермейді немесе ұзақ уақыттан кейін хабар береді. Бұл қылмыскерді іздеу жұмыстарын қиындата түседі, - деді Маңғыстау облысы полиция департаментінің баспасөз қызметінің ресми өкілі Әйгерім Ибадуллаева.

Маңғыстауда аталған үш зиратты күтіп ұстаумен «АлтынНұр» ЖШС айналысады. Компания басшысы Нұржан Байнековтің айтуынша, қала зираттарында вандализм жағдайлары жылда қайталанып отыр. Оларға қылмыстық жауапкершілікте, қоғамдық айыптауда, ар-ұят сезімдері де тоқтау бола алмай тұр.

Өткен жылы металл сатушылар әртүрлі қоршаулардың бөліктерін сындырып алып, темір қабылдайтын пункттерге өткізген. Алайда 2023 жылы мұндай жағдай туралы халықтан шағым түспеген.

- Қазіргі уақытта зиратқа келушілердің қоқыстарын қалдырып кетуі негізгі мәселе болып тұр, - дейді Нұржан Байнеков.

Соңғы жылдары Маңғыстауда вандализм деректері жиі кездесетіні байқалады. Мысалы, 2023 жылдың ақпанында бұзақылар Ақтау жағалауындағы балюстратты (теңіз жағалауындағы қоршау) бұзып кеткен еді.

Қыруар қаржыға жасалған өзге де мемлекеттік мүліктер вандалдардың назарынан тыс қалған емес. 2023 жылдың қарашасында Ақтауда жылы жағажай аумағында кәріз сорғы станциясының жабдықтары ұрланған. Сарапшылар шығын қазірдің өзінде 105 миллион теңге болғанын атады.

- Темір кейбіреулер үшін адам өмірінен де қымбат тұрады. Бытыр белгісіз біреулер жол апатының санын азайтуға арналған республикалық тас жолдар бойындағы



қоршауды да ұрлап жетті. Қазір орнатылған қоршаулардың жартысынан көбі бүлінген. Олардың бір бөлігі ұрланса, тағы бір бөлігі іске жарамсыз болып қалды, - деді «ҚазАвтоЖол» АҚ өкілдігі.

ЖақындаТүпқараған шамшырағы (маяк) аумағында болған вандализм оқиғасы қоғам назарын аударды. 160 жылдық тарихы бар сәулет ескерткіші аумағы демалыс алаңына айналған. Демалушылар тарихи мұраны аяқасты етіп қана қоймай, сонынан қоқыс қалдырып, шашып кететіні тыйылмай тұр.

Психолог Наталья Петельганың айтуынша, вандализм әрекеттері әртүрлі себептер мен жеке нанымдар негізінде жасалады. Бірақ вандалдарды біріктіретін белгілі бір психологиялық ортақ профиль бар. Кәдімгі вандал - бұл әдетте жетілмеген тұлға, оның эмоциясы интеллектпен өзін-өзі басқарудан басым түседі. Көбінесе мұндай адамдарға ішкі мәдениет пен эмоционалдық интеллект жетіспейді.

- Вандализм мен ар-ожданнның бір-біріне қатысы жоқ. Вандалдар бақтардағы гүлдерден бастап ойын алаңдары мен қабірлерге дейін бұзады. Ештеңеге қарамастан бәрін тып-тып етеді. Жасөспірімдер мұны назар аудару үшін немесе зерігуден жасаса, ал ересек вандалдардың моральдық принциптері мүлдем жоқ. Айыппұлдар олардың мінез-құлқын өзгертпейді. Зақымданған заттарды қалпына келтіру үшін өтемақы талап ету оларды ойнауға мәжбүр етеді, - дейді психолог Наталья Петельга.

Маңғыстау облыстық полиция департаменті зираттарды қирату ісін «вандализм» бабы бойынша тіркеді. Кінәлілерді құқық қорғау органдары анықтайды.

Облыстық полиция департаменті вандализмнің жолын кесу жұмыстары тұрақты жүргізіліп жатқанын айтып, сонымен бірге мұндай құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік күшейтілгенін мәлімдеді.

**Кәмшат СӘРСЕНБАЕВА**

# «Қарызсыз қоғам» халықтың қаржылық сауат деңгейін арттыру жобасы

## 1. «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ЖОБАСЫ НЕ ЖӨНІНДЕ?

«Қарызсыз қоғам» жобасы - «AMANAT» партиясының Қазақстан халқының қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған бастамасы. Бұл жобаға еліміздің 18 жастан асқан барлық азаматтары қатыса алады. Іріктеу кезінде қатысушылардың әлеуметтік мәртебесі ескерілмейді.

«Қарызсыз қоғам» жобасы несие бойынша берешегі бар, борышкерлер тізімінде тұрған, несиеден уақытында төлемеген азаматтарды қолдауға бағытталған. Тренинг қаржылық сауаттылық деңгейін көтергісі келетіндерге, өз қаражатын ұтымды пайдаланғысы келетіндерге, сондай-ақ өз ісін немесе бизнесін ашығысы келетіндерге және қаржы туралы білімге мұқтаж адамдарға пайдалы болмақ.

Жобаны жүзеге асыруға еліміздегі Halyk Bank, Forte Bank, Home Credit Bank, First Heartland Jusan Bank, Bank RBK, Freedom Finance Kazakhstan, Altyn bank, Еуразия Банк, Береке Банк, Банк Центр Кредит ұйымдары қаржылай қолдау көрсетеді.

«Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша оқитудың бірінші легі 2023 жылдың 2 мыңында басталып, 2023 жылдың соңына дейін жүргізілді. Бұл аралықта еліміздің 8 өңірінде: Ақтөбе, Алматы, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Атырау, Маңғыстау облыстарында 65 мың адам қаржылық сауаттылық негіздерін оқыды.

2023 жылы 1 қыркүйекте Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Қарызсыз қоғам» жобасын ерекше атап өтіп, оның игілігін бүкіл халық көруі керектігін айтты. Қ.Тоқаев бұл бағдарлама қысқа мерзімде өз тиімділігін көрсеткенін атап өтті. Сондықтан Президент Үкіметке саяси партиямен бірлесіп, жобаның ауқымын кеңейтуді тапсырды.

2024 жылы «Қарызсыз қоғам» барлық өңірлерді қамтып, кең ауқымда іске асырылуға. Биыл 200 мыңға жуық ересек халықты, 100 мың студент пен 450 мың оқушыны қаржылық сауаттылық негіздеріне оқыту жоспарлануда.

«Қарызсыз қоғам» жобасының қысқартылған жалғасы ретінде Жамбыл облысының Меркі ауданында алғашқы «Агросауат» оқу-әдістемелік орталығы ашылды. Жаңа орталыққа кез келген тұрғын ауыл шаруашылығының түрлі бағыттары бойынша теориялық білім алады және практикалық дағдыларды да үйренеді. Қатысушылар тәжірибелі зертханаларға, жобасын іске асыру үшін барлық құралдарға қол жеткізе алады.

## 2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ НЕДЕ?

Қаржы нарығын реттеу агенттігінің мәліметінше, қазақстандықтардың несие бойынша қарыздары 18 триллион теңгеге жетті. Соңғы үш жылда тұтынушылық несие сегментінде өсу үрдісі байқалады.

Халықтың 84%-ның, яғни 8,4 миллионнан астам адамның қарызы бар екені анықталды. Соңғы бір жарым жылда бұл көрсеткіш 27%-ға өскен. 90 күннен астам мерзімге кешіктірілген қарыз сомасы шамамен 1,4 триллион теңге болған. Яғни, 1,7 миллион адам қарызын

уақытылы төлей алмай отыр.

Сайып келгенде дамыған FinTech және қаржылық сауатсыздық үлкен әлеуметтік мәселелер туғызуға. Қолжетімді несие, қаржы ұйымдарының жоғары пайызы және ең бастысы, қаржылық сауаттылықтың төмендігі жыл сайын халық қарызының өсуін арттыруда.

Оқыту курсының негізгі мақсаты - халықтың, негізінен, болашақта ел экономикасын қалыптастыратын жас ұрпақтың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған қаржылық білім беру жүйесін құру.

## 3. ЖОБА АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАНДАЙ САНАТТАРЫНА АРНАЛҒАН?

Жобаға қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізгісі келетін, кредиттік міндеттемелерсіз болашақты құрғысы келетін, өзіне, отбасына және жақындарына қаржылық сауаттылықты арттыруға көмектескісі келетін, несиелік тәуелділіктен және коллекторлардың тұрақты назарынан құтылғысы келетін барлық азаматтар қатыса алады. Жоба бизнес ашығысы келетін, жеңілдетілген несиелер секілді мемлекеттен қаржылық қолдау алғысы келетін және бизнесі дамыту бағдарламаларына қатысқысы келетін азаматтар үшін де пайдалы.

## 4. ОҚИТУ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Қатысушылар 30-50 адамнан тұратын топта офлайн форматта бес күн оқиды. Бір ай ішінде сабақтар үш топта жүргізіледі. Әр дүйсенбіде білім алушылардың жана легі жасалады. Сабақтар таңғы 9-дан 17.00-ге дейін өтеді. Оқуға шамамен 40 сағат беріледі. Әдетте, түске дейін қатысушыларға теориялар үйретіледі, ал түскі астан кейін жеке консультациялар жүргізіліп, әр қатысушы үшін практикалық сабақтар өтеді. Тренингтерге жазылу үшін qogamfin.kz сайтында өтінім қалдыру керек немесе жергілікті атқарушы органға (әкімдікке) немесе AMANAT партиясының өңірлік кеңсесіне жүгіну қажет.

Оқу барысында қатысушылар қаржылық сауаттылық бойынша мынадай білімді меңгереді:

- қаржылық сауаттылық негіздері, жеке қаржыны басқару, жинақтау, сақтау және көбейту, жеке/отбасылық бюджетті есепке алу;
- дисконттаудың негізгі принциптері, практикалық мысалдары, қаржылық бағалау әдістері;
- кредит түрлері, кредиттеу кезіндегі есептеу, депозит түрлерін, банк ставкаларын, пайыздарын зерделеу, сондай-ақ инфляция, банк жүйесі, сақтандыру және қор нарықтары туралы ақпарат алу;
- қаржылық тәуелсіздікке қадамдар, қаржылық жоспарлау құралдары, қарыздарды оңтайландыру, қарыздар мен несиелерді жою, инвестициялар;
- мінез-құлық экономикасы. Қаржылық шешімдер қабылдаудағы когнитивті қателер.

Сонымен қатар, білім алушылар алаяқтық схемалар мен қаржы пирамидаларын, жеке тұлғалардың банкроттық туралы заңын қарастырады. Қатысушыларға кірістерді арттыру жолдары, сондай-ақ ШОБ-ты мемлекеттік және мемлекеттік емес қолдау шаралары, тиімді банк құралдары, бизнес-жоспар құру әдістемелері түсіндіріледі, конкурстарға қатысуға қолдау

көрсетіледі.

Қатысушылардың өтініші мен тілегі бойынша әртүрлі заңгерлік кеңестер беріледі. Тренингтер аяқталған соң қатысушыларға сертификат және әрі қарай өз бетінше жұмыс істеу үшін жұмыс дәптері беріледі. Мұнда берілген сертификат қаржы сарапшысының жыл сайынғы тегін қолдауына және заңгерлік кеңестерін алуға құқық береді.

## 5. ТРЕНИНГ ҚАНДАЙ НӘТИЖЕ БЕРЕДІ?

Бірінші оқыту легі 2023 жылдың 2 мамырында басталып, 2023 жылдың соңына дейін жалғасты. Осы уақыт аралығында еліміздің 8 өңірінде 65 мың адам қаржылық сауаттылық негіздерін үйренді.

Оқыту кезеңінде 2023 жылғы 2 мамырдан 1 желтоқсанға дейін мынадай заң көмегі көрсетілді:

- 30 889 азамат проблемалық мәселелер бойынша, оның ішінде борыштар мен кредиттер бойынша, әрі қарайғы ықтимал іс-қимылдарды егжей-тегжейлі түсіндіру мен заңгерлік кеңес алады.

- 83 азамат қажетті құжаттар топтамасын қалыптастырудан бастап, соттан тыс банкроттыққа өтінім беруге дейін толық қолдау мүмкіндігін алды.

- 2704 азаматқа заң нормаларын бұза отырып жасалған нотариустардың атқарушылық жазбаларының және олар бойынша жеке сот орындаушылары салған бұғаттардың күшін жоюға көмек көрсетілді.

- 14 178 қатысушыға берешекті реттеуге және кредиттік қарызды қайта құрылымдауға көмек көрсетілді (борышкерлер өтеудің жана ыңғайлы кестесін алды).

- 605 адам түрлі мәселелер бойынша құқықтық көмек алды, оның ішінде алаяқтық фактілерінің алдын алып, алаяқтық фактісі бойынша полиция басқармасына өтініштер жасалды, талап қою жобалары жасалды, сот мәселелері бойынша қолдау көрсетіліп, проблемалық мәселелер бойынша түрлі мемлекеттік органдарға хаттар жолданды.

Бүгінгі таңда 2024 жылдың басынан бері 48 941 адам «Қарызсыз қоғам» жобасында білім алып, тұрмыстық жағдайын жақсартты.

Жобаның барлық кезеңінде әрбір қатысушының жағдайы егжей-тегжейлі қарастырылады. Қаржылық мәселелерді шешуде заңгерлік, консультациялық және құқықтық көмек көрсетілді.

## 6. ҚАНДАЙ ЖҰМЫС АТҚАРЫЛДЫ?

2024 жылы 5 ақпанда Қазақстанның барлық өңірлері мен қалаларында «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша оқытудың екінші толқыны іске қосылды. Өңірлерде бір жыл бойы жұмыс істейтін 150 қаржы сарапшысы арнайы дайындалды. Бұл уақытта білікті мамандар тұрғындарға өзекті қаржылық мәселелерін шешуге көмектеседі және сапалы көмек көрсетеді.

Сонымен қатар, биылғы ақпан айында оқушылар ағынын тиімді басқару үшін qogamfin.kz онлайн платформасы іске қосылды. Сайтта ыңғайлы онлайн оқытуға өтініш берумен бастап, арнайы бағдарламаларға дейінгі түрлі санаттағы тұрғындарға арналған білім беру ресурстарының кең ауқымы бар. Семинарларға офлайн режимде қатыса алмайтындар сайтта

видеосабактарды көре алады және қосымша әдістемелік материалдармен таныса алады.

2024 жылдың 1 наурызында несие бар әйелдердің бірінші республикалық форумы өтті. Оған өңірлерден қатысушы әйелдер мен кәсіпкер әйелдер шақырылды, олар өз тәжірибелерімен бөлісіп, бизнеске қалай даму керектігін және қаржылық тұрақты өмір құруды үйретті. Әр өңірде кәсіпкер тәлімгерлер әйелдерге кәсіпкерлік дағдыларды үйретеді және бизнесі жүргізу процесінде қолдау көрсетеді. Сондай-ақ, құжаттар топтамасын қалыптастыруға және жеңілдетілген кредит-теуге және мемлекеттік гранттарға бизнес-жоспарлар жазуға көмек көрсетілді.

«AMANAT» партиясы ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, «Halyk Bank» және «Банк Центр Кредит» банктерімен «Қамқоршы AMANAT» қорын құру туралы меморандумға қол қойды. Осылайша партия аграрлық кооперативтер арқылы «Қарызсыз қоғам» түлектерінің табысын арттыруға ниетті.

Проблемалық несие барлардың табысын арттыру үшін «Қамқоршы AMANAT» аясында Жамбыл облысы Меркі ауданында «Агросауат» атты алғашқы орталық ашылды. Бұл орталықта тілек білдірушілер теориялық білім алып қана қоймай, ауыл шаруашылығының түрлі бағыты бойынша тәжірибелі дағдыларды игере алады.

Сарапшылар елдегі әрбір ауылдық округке скрининг жүргізіліп, экономикалық перспективасына талдау жүргізілген. Осылайша Мерке ауданында 9 бағытта тауар өндіріп, адамдардың табысын көбейтуге болатыны анықталған. Жана орталықта жидек өсіру, қант қызылшасын егу, жем-шөп, сүтті ірі қара, етті ірі қара, құс шар-уашылығы секілді шаруашылықтар ашып, 150 адамды қарыз деңгейінен шығару мақсаты қойылған. Қара тізімнен шыққан тұрғындар әрі қарай мемлекеттің бизнесі қолдау бағдарламаларына, «Ауыл аманаты» бағдарламасының 2,5 пайыздық несиесіне жүгіне алады.

Пилоттық жоба сәтті жүзеге асқан жағдайда Үкімет деңгейінде тиісті бағдарлама қабылданады.

## 7. 2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АЛДАҒЫ ЖОСПАР ҚАНДАЙ?

Жана оқу жылынан бастап еліміздің барлық мектептерінде, колледждерінде және жоғары оқу орындарында қаржылық сауаттылықты оқыту бағдарламасын іске қосу жоспарлануда. Қазірдің өзінде тиісті дайындық жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, Финляндия, Ресей және Беларусь тәжірибелерін зерттейтін әдістемелік топ құрылды. Осы оқу жылының соңына дейін барлық дайындық жұмыстарын аяқтап, жазғы кезеңде педагогтарды оқыту жоспарлануда.

Оған қоса, 2 мамырда Қаржылық сауаттылық күнін құру ұсынылады. Бұл күні барлық білім беру ұйымдарында оқыту семинарлары, ашық дәрістер, шеберлік сыныптары өтеді деп күтілуде.

Сонымен қатар, биыл 200 мыңға жуық ересек халықты, 100 мың студент пен 450 мың оқушыны қаржылық сауаттылық негіздеріне оқыту жоспарлануда.

## 8. ТОЛЫҚ АҚПАРАТ

[https://www.instagram.com/qaryzsyz\\_qogam/](https://www.instagram.com/qaryzsyz_qogam/)

### «Өзенмұнайгаз» АҚ қоғамдық тыңдау өткізуді жоспарлап отыр:

Жобаның атауы	«Өзенмұнайгаз» АҚ бөлімшелері бойынша жоспарланған іс-шаралар жобалары үшін қоршаған ортаны қорғау уәкілеттері бар атмосфераға ластанушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары нормативтерінің, ПУО, ПЭК, ППМ, НДС жобалары.
Қоғамдық тыңдауды өткізу күні, уақыты және орны	2024 жылғы 1 шілде сағат 15:00, «Өзенмұнайгаз» АҚ өндірістік бөлімшесі, 2 қабат, конференц-зал.
Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері	«Өзенмұнайгаз» АҚ Қоршаған ортаны қорғау және радиациялық қауіпсіздік департаменті, Кожанова А., 8-72934-65178
Өзіндік атауы және байланыс деректері	«ҚазГЗЖИМұнайгаз» «ҚМГ Инжиниринг» филиалы, 35 ш.а., 6 /1 ғимарат, тел.470244. АО «ИХН им. А.Б. Бектұрова», Алматы қ., Уалиханов көшесі, 106. Тусупкалиев Ерсін, +7 708 480 0821
Жобалық құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы	<a href="https://ecportal.kz">https://ecportal.kz</a>
Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері	Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Жобаларды экологиялық сараптау бөлімі – бас маман Түлембет Гүлденай, 431088, <a href="mailto:moup@mangystau.gov.kz">moup@mangystau.gov.kz</a>

### АО «Өзенмұнайгаз» планирует проведение общественных слушаний:

Наименование проекта	Проект нормативов допустимых выбросов ЗВ в атмосферу, ПУО, ПЭК, ППМ, НДС для подразделений АО "Озенмунайгаз" с разделами ООС по проектам намечаемой деятельности. Рабочий проект «Работы по переработке нефтесодержащих отходов на территории шламоаккумулятора ГУ-88 ЦДНГ-2 НГДУ-1 и отходов производства и потребления АО «Озенмунайгаз» на 2024 гг»
Дата, время и место проведения общественных слушаний	1 июля 2024 года в 15:00 часов, производственный блок АО «Озенмунайгаз», 2 этаж, конференц-зал.
Наименование и контактные данные заказчика	Департамент охраны окружающей среды АО «Озенмунайгаз», Кожанова А., телефон 8-72934-65178
Наименование и контактные данные разработчика	Филиал ТОО «КМГ Инжиниринг» «КазНИПИМұнайгаз» г.Ақтау, 35 мкр., зд.6/1, тел.470-244. АО «ИХН им. А.Б. Бектұрова», г.Алматы ул.Уалиханова 106, Тусупкалиев Ерсін, +7 708 480 0821
Адрес интернет-ресурса местного исполнительного органа, где размещена документация по проекту	<a href="https://ecportal.kz">https://ecportal.kz</a>
Наименование местного исполнительного органа и контактные данные лица, ответственного за организацию общественных слушаний	Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области Отдел экологической экспертизы проектов – главный специалист Түлембет Гүлденай, 431088 <a href="mailto:moup@mangystau.gov.kz">moup@mangystau.gov.kz</a>

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші: «KUAN TRANS LOGISTICS» ЖШС, «ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, промзона 2, 45 Б құрылымы мекенжайында өндірістік база мен жатақханасының құрылысы» қоршаған ортаны қорғау жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары Бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecportal.kz>) 2024 жылдың 10-17 маусым аралығында қолжетімді болады.

Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы жобаның көшірмесін [atugaecoproject@mail.ru](mailto:atugaecoproject@mail.ru) поштасы арқылы сұрай аласыздар.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ТОО «KUAN TRANS LOGISTICS» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту «Строительство производственной базы с общежитием по адресу: РК, Мангистауская область, г. Жанаозен, промзона 2, строение 45 Б».

Проектная документация будет доступна на Едином экологическом портале (<https://ecportal.kz>) с 10 по 17 июня 2024 года.

Замечания и предложения принимаются в течение 5 рабочих дней.

Копии документов о намечаемой деятельности можно запросить по эл.адресу [atugaecoproject@mail.ru](mailto:atugaecoproject@mail.ru)

### ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛСЫН

Мазенова Канапия Корабаевнаның атына берілген Қызылсай селосы әкімінің 2012 жылғы 10 қыркүйектегі № 65 шешімі негізінде Қызылсай ауылы, Арал көшесі, №1 жеке тұрғын үй құрылысы үшін уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен берілген жалпы ауданы 0,1 га кадастрлық номері 13-201-001-1458 жер учаскесінің мерзімі 2 жылға, яғни 2024 жылдың наурыз айына дейін ұзарту туралы шешімі, келісім шарты, мемлекеттік акті жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Мамыкова Майра Бердиевнаның атына берілген Жаңаөзен қаласы, «Бәйтерек» шағынауданынан сауда дүкені құрылысы үшін жалпы көлемі 0,0100 га кадастрлық номері 13-201-004-1650 жер учаскесінің жалға беру келісім шарты, қаулысы, мемлекеттік актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

## БОКС

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АШЫҚ ТУРНИР

Көктемнің мамыржыған мамыр айының ортасында «Өзенмұнайгаз» АҚ 60 жылдығы аясында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, мұнайшы Жеңіс Жарылғапұлын еске алуға арналған бокстан халықаралық ашық турнир өтті.



## Мадина ӨТЕЖАНОВА

Дүбірлі додаға Қазақстанның түкпір-түкпірінен және Ресей Федерациясынан, Өзбекстан, Әзірбайжан елдерінен 50-ге жуық спортшы қатысып, бақ сынады.

- Боксқа 2000 жылы келген едім. 12 жыл қатыстым. Жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионы атандым, жастар арасында ҚР күміс жүлдегерімін, Спорт шебері Жетісу кубогын жеңдім, халықаралық турнирлерде жеңімпаз болдым. Кейін белгілі бір себептерге байланысты үлкен спортпен қош айтысқан едім. Араға 13 жыл салып, боксқа қайта оралып, Жеңіс Жарылғапұлын еске алуға арналған турнирге қатысқалы отырмын. Жарысқа қатысушы болған соң әрине жеңістен үмітім бар, - дейді

Ақтау қаласынан келген спортшы Мұрагер Кубаев.

Турнирдің ашылу салтанатына қала әкімі Жансейіт Қайнарбаев, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Максат Мұқаш қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі.

- Бұл шара 2023 жылы бірінші рет ұйымдастырылған болатын. Міне биыл жалғасын тауып, екінші рет өтіп жатыр. Осы жарысқа атсалысқан «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Бұрғылау» мекемесі, «Zangar event» қоғамдық қоры және осы Жеңіс Жарылғапұлынның шәкірттері бар, бәріне алғыс айтамын. Жарысқа қатысушыларға үлкен сәттілік тілеймін. Жарыс болғаннан кейін жеңіс пен сәтсіздік қатар жүреді. Қазақстанның көк туын көкке желбірететін спортшылар өсе берсін, - дейді қала басшысы.

Жарысқа 23 пен 34 жас және 35 жастан жоғары 55 жас, 60 жастағы ардагер спортшылар қатысты. 23 пен 34 жастағы боксшылар 60, 67, 80 келі салмақта жекпе жекке шықса, 35 жастан жоғары ересектер 67, 71, 75, 80, 86, +92 келі салмақта тартысқа түсті.

- Ардагерлер арасында өтіп жатқан өте жақсы турнир. Қазақстанда бастамасын жаңа әлп еткен турнирлердің бірі.



Ол бірнеше халықаралық турнирдің жеңімпазы, қазіргі таңда бокс спортының ардагері. Дейтұрғанмен де спорттан алыс кетпей, жақсы

3 күнге созылды. Алғашқы күні салтанатты ашылу болды. Екінші күні жартылай финал, 3 күні яғни 18 мамыр финал ойыны өтті. 3



Бұрын жастар, ересектер арасында өтетін болса, енді ардагерлер арасында өтіп жатыр. Бұл жігіттер кәсіби мансабын аяқтағанымен, боксты тастамаған. Сондықтан оларға осындай көңіл бөліп жатқан ұйымдастырушыларға алғыс білдіремін. Ардагер боксшылар үшін бұл біріншіден жарыс, екіншіден демалыс деп ойлаймын. Жастық шақты еске алып жатырмыз бәрімізде. Өткен жылы жарыс жоғары деңгейде өтті деп естіген едік. Биылғы халықаралық турнирге Ақтөбе облысынан 3 боксшымызды алып келдік. Атап айтсақ, 71 келіде ҚР спорт шебері Нұрлан Кенжебаев.

дайындықпен осы жарысқа келді. 75 келі салмақта Рафаэль Аббысов қатысып жатыр. Ол да ҚР спорт шебері, ҚР чемпионатының жүлдегері, Қазақстан, Ресей, Өзбекстан елдерінде халықаралық турнирлердің жеңімпазы, өте тәжірибелі боксшы. Сонымен қатар үшінші спортшымыз 80 келіде қатысатын ҚР спорт шебері Камил Абитаев келіп отыр. Үш спортшымыздан да жеңіс күтеміз. Жарысқа өте мықты боксшылар жиналған екен. Барлығына да сәттілік тілеймін, - дейді Ақтөбе облысынан келген жаттықтырушы Кенжеғали Бөркетов.

16 мамыр күні басталған жарыс

күнге жалғасқан жекпе-жекте қарсыластарынан басым түскен боксшылар медальмен, кубокпен марапатталды.

60 келі салмақта сынға түсіп, қарсыластарына есе жібермей, финалға өтіп, жеңіске жеткен павлодарлық Қайрат Теміржанов жарыс туралы айтты.

- Жарысқа 60 келі салмақта қатыстым. Турнир жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Боксасу оңайға соққан жоқ. Алғашқы қарсыласым жаңаөзендік боксшы өте мықты екен. Жарыс болған соң әрине жеңіс күттім. Бокс деген тек қарсыласты емес, өзіңді жеңу, өзіңмен жұмыс жасау, - дейді ол.

## ФУТБОЛ

# «Каспийдің» кезекті жеңісі

Жаңаөзендік футболсүйер қауым үшін тағы бір қуанышты жаңалық. Өйткені «Каспий» командасы «Қайсар» командасына қарсы ойында жеңіс тұғырынан көрінді.

Қазақстан Республикасы Бірінші Лигасы аясында - Жаңаөзен қаласындағы Әмин Тұяқов атындағы

өткен ойын 3:1 есебімен, көптің сүйікті командасына айналған «Каспийдің» жеңісімен аяқталды.



стадионда, «Каспий» футбол клубы өз алаңында қызылордалық «Қайсар» командасына қарсы ойын өткізді. Тартысқа толы

- Маңғыстау облысы мен Жаңаөзен қаласының әкімдігіне мың алғыс. Осы керемет стадионды бізге жалға беріп,



«Каспий» командасы футбол ойнап, жақсы нәтижелер көрсетіп жатыр. Біздің басты мақсатымыз - премьер лигаға шығу. Сол үшін бүкіл қаражатымыз «Каспий» командасына бөлініп, спортшылар үздіксіз жаттығулар жасауда. Келешекте Жаңаөзен стадионында жанкүйерлер толық жиналады деп үміттенеміз. Құрметті жаңаөзендіктер келіп, қолдау көрсетіңіздер. Қазір «Қайсар» командасымен ойнап жатыр, жеңіп жатырмыз. Ойын қызық өтуде. «Қайсар» жас

болаганымен өте тәжірибелі, мықты команда, - дейді «Каспий» футбол клубының бас менеджері Жасын Қайыпбаев.

Футбол аяқталғаннан кейін жанкүйерлер сүйікті футбол клубының ойыншыларынан қолтаңба алып, суретке түсті. Сондай-ақ керемет ойын үлгісін көрсеткен футболшыларға алғысын білдірді.

Жанайым ЖАРЫЛҚАП.

Меншік иесі:

**МАҢҒЫСТАУ  
MEDIA**

Директор:  
Гүлмира ӘБИШЕВА.

Қабылдау бөлімі тел/факс:  
20-48-34.  
office@mangystau.kz



**ЖАҢАӨЗЕН**

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат Министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 6 ақпан 2013 жылы тіркеліп, №13359-Г куәлігі берілген.

Редактор: Гүлназ БӨЛЕКБАЕВА.  
Кезекші редактор: Жансая КЕЛДІБАЙ.

Аға дизайнер: Гүлсім ЕРБӨЛЕКОВА.  
Тілшілер: Жансая КЕЛДІБАЙҚЫЗЫ.  
Мадина ӨТЕЖАНОВА.  
Дизайнер: Шолпан БАТЫРХАНОВА.

А - жариялау ақысы төленген.

Таралымы: 3950 дана.



Газет редакцияда теріліп, беттелді.  
«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды  
060005, Атырау қаласы,  
Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.  
тел: 8 7122 458-660; 586-392.

Тапсырыс нөмірі: 0597.

Газет аптасына 1 рет жұма күні шығады.

• Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.  
• Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.  
• Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.  
• Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.